

Тұтқалы сөздер: отбасылық, кіші және орта бизнес, кәсіпкерлер, өмір сүру деңгейі, ауылдық жерлер, табыстар, тұрмыстық шығындар, жол картасы, несиелеу.

Ключевые слова: семейный, малый и средний бизнес, предприниматели, уровень жизни, сельская местность, доходы, расходы населения, дорожная карта, кредитование.

Keywords: family, small and medium business, entrepreneurs, living standards, rural area, incomes, population expenditures, road map, crediting.

«Өмір сүру деңгейі» экономикалық зерттеу объектісі ретінде оның басты міндеттері деп келесілерді атауға болады:

- адамның өмір сүру сапасын сипаттайтын көрсеткіштерді бағалау (салауатты өмір салтын жүргізу қабілеті, білім алу мүмкіншілігі, лайықты өмірге жеткілікті табыс көзі және жоғары кәсіби білімі);
- атаулы және нақты табыстарды зерттеу;
- халықтың баспанамен, ұзақ қолданылатын тұтыну игіліктерімен қамтамасыз етілуі;
- әлемнің әр түрлі елдеріндегі өмір сапасы мен оның деңгейін бағалау арқылы ел аралық салыстыру жүргізу;
- аталмыш сала саясатын қалыптастыру үшін өмір сүру деңгейін зерттеу.

«Өмір сүру деңгейі» категориясы рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі мен деңгейінің әлеуметтік-экономикалық сипаты ретінде қарастырылған [1, 150б.]. Өмір сүру деңгейінің бастапқы позициясына қарасты, ол өзінің негізінде материалдық өндірістің, қызмет саласының және жалпы экономиканың даму деңгейімен анықталады.

Халықтың тұрмыс деңгейін жан-жақты талдау үшін аталмыш санаттың әр түрлі жақтарын сипаттайтын көрсеткіштердің тұтас қатары есептеледі және олар мынадай ірілендірілген топтарға біріктіріледі:

- жалпыланған көрсеткіштер;
- халықтың табыстары;
- халықтың шығыстары мен тұтынуы;
- жинақталған мүлік пен тұрғын-үй;
- әлеуметтік қорғау жүйесі;
- әлеуметтік сала;
- қоршаған орта;
- халықтың әлеуметтік саралануы.

Жаһандық дағдарыстың теріс әсеріне қарамастан, өзіміз зерттеу жүргізген кезеңдерде, яғни 2015-2016 жылдары, жалпы алғанда өңір экономикасы мен әлеуметтік саласының дамуында оң динамика сақталды.

Халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – демография. Қызылорда облысында халық санының өсу динамикасы байқалады. Туу көрсеткіші мен табиғи өсімі бойынша бұл өңір

республикадағы алдыңғы қатарлы бес облыстың қатарында. Бұл да аймақтағы өмір сапасы мен деңгейінің артуын айғақтайды. Төмендегі кестеде облыс халқының тұрмыс деңгейінің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері берілген.

Кестеден байқағанымыздай халықтың тұрмыс деңгейінің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің негізгісі орташа айлық атаулы жалақы. Бұл көрсеткіш 2014 жылы 104 485 теңгені құраса, 2015 жылы 106 817 теңгені құрап, 2,2%-ға өскен. Өңірлік бөлініс бойынша ең жоғарғы бір айлық орташа атаулы жалақы Қызылорда қаласында – 118215 теңге, ең төменгі жалақы Сырдария ауданында – 66 595 теңге болып отыр. Бұл облыстың қалалық және ауылдық аудандар арасындағы жалақыдағы елеулі айырмашылықты көрсетеді. Ал халықтың орташа айлық ең төменгі күнкөріс деңгейі 2015 жылы 2014 жылға қарағанда 3,1%-ға өсіп отыр.

Демек орташа айлық жалақының көбеюі бағаның құнсыздануынан, инфляцияның әсерінен деп айта аламыз. ҚР бойынша инфляция деңгейі 2015 жылы 13,6%-ды құрады. соңғы жылдары 4-6%-ды құрайды, нақтырақ айтсақ, 2014 жылмен салыстырғанда инфляция деңгейі 6%-ды құрап тауарлар мен қызметтер бағаларының (тарифтердің) өсуі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз әсерін тигізуде.

Табыстар барлық халықтың материалдық жақсы өмір сүру негізін құрайды. Халықтың ақшалай табысы, олардың деңгейі, құрылымы, алу көздері және саралану дәрежесі қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағдайының маңызды көрсеткіштері.

2014 жылы жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 17439 теңге болса, 2015 жылы 17996 теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 0,3%-ға артты. Күнкөріс деңгейін құраушы азық-түлік тауарларының үлесі 60%-ын құраса, яғни 10798 теңгені құраса, қызмет көрсету шығындарының үлесі 40%-ын, 7198 теңгені құрады.

Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастардың тереңдеуі халықты әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін құру қажеттілігін алға тартады.

[illegible]

*Ескерту - Деректер Уровень жизни населения Кызылординской области. Мониторинг
Статистикалық жинақ бойынша есептелген

тыру қазіргі жағдайда тұралап бара жатқан ауылдарды біртіндеп жандандыруда алғышарттар болып табылады. Ауылдық жерлерде осындай шағын кәсіпорындарды құру және олардың жергілікті халықтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуі, жергілікті шикізат пен материалдарға бағытталуы сол ауылдардың экономикалық және әлеуметтік жағынан қайта жаңғыруына ықпалын тигізген болар еді.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының өсуі бойынша облыс республикада ең жоғары көрсеткіштің біріне ие. Жыл ішінде экономика салаларында жалпы саны 12 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл көрсеткіш бойынша да 2014 жылғы нәтиже еңсерілді. Соның арқасында жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ға дейін, соның ішінде жастар жұмыссыздығы 4,1%-ға дейін төмендеді.

Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шаралары шеңберінде, жастарды өндірістік тәжірибеден өткізу үшін облыстағы мекемелер мен кәсіпорындарға 617 жас жолдама алды, олардың 236-сы тәжірибе мерзімі аяқталысымен тұрақты жұмысқа орналасты. 380 әлеуметтік жұмыс орны құрылды, оған жолдама алғандардың 80%-ы жұмыс мерзімі аяқталысымен тұрақты қызметке қабылданды. 7761 адам қоғамдық жұмыстарға тартылды. Осы шаралардың негізінде, экономикалық

[illegible]

өнімдерін өндіру» жобасы осы жылдың бірінші тоқсанында жұмысын бастайды;

- Қазалы ауданында жалпы құны 317 млн. теңгелік 8 жоба. Оның екеуі: темірбетон және пеноблок зауыты («Р. Мәмбетжанов» ЖК) және астық сақтау қоймасы («Б. Бөлебаев» ЖК) пайдалануға берілді:

- Жалағаш ауданында жалпы құны 243 млн. теңгелік 5 жоба: мал сою цехы («Д.Жарасбаев» ЖК), жылыжай («ШНС» ЖШС), мал бордақылау алаңы («Қ.Қанатбаев» ЖК), құмблоктарын шығаратын цех («КТ-Servis» ЖШС), диодты жарықшамдар жинау цехын («Казэнергоcбережение» ЖШС) іске қосу жұмыстары жүргізілді. Бұдан басқа, аудан аумағында мия тамырын өңдеу зауыты пайдалануға берілді;

- Шиелі ауданында құны 1,6 млрд. теңге құрайтын 3 жоба, оның біреуі – мия тамырын өңдейтін зауыт («Мия Шиелі» ЖШС) пайдалануға берілді;

- Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағында өндірістік инфрақұрылымды дамыту жұмысы жалғасты. Индустриялық аймақта салынып жатқан шыны зауытын, болашақта салынатын ферроқорытпа зауытын теміржол тұйығымен қамтамасыз ету мақсатында жобалау-сметалық құжаттамалары жасалды, 2016 жылы оның құрылысы басталды;

- «Мағжан и К» ЖШС-нің астық сақтау қоймасы өндірісті нысанының астық сақтау қоймасына баратын автожолды қайта жаңғырту аяқталды;

- Қармақшы ауданындағы индустриялық аймаққа қажетті инженерлік инфрақұрылымды жеткізу жұмыстары жалғасуда;

- Сырдария және Жаңақорған аудандарында индустриялық аймақты құру мақсатында жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, тиісті жер телімдері бөлінді;

- туристік инфрақұрылымды, оның ішінде Қармақшы ауданы Төретам кентінде индустриалды-туристік аймақты дайындау жұмыстары басталды.

2014 жылдың қыркүйек айында бастапқы кәсіпкерлерді қолдаудың қосымша тетігі ретінде облыста Өңірлік инвестициялық орталық құрылды. Ол микробизнесті несиелік қолдауға, әсіресе ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға жұмыс істейді.

2015 жылы «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы жалпы құны 342,1 млн. теңгені құрайтын 56 жобаны қаржыландырды, жаңадан 223 жұмыс орны ашылды. Арал ауданында құны 47,4 млн. теңге құрайтын 7 жоба несиелендірілді, 48 жұмыс орны ашылды. Қазалы ауданында 10 жобаны іске асыруға 55,4 млн. теңге бөлінді, 47 жұмыс орны құрылды. Қармақшы ауданында 99,6 млн. теңгеге 13 жоба несиелендірілді, 41 жұмыс орны ашылды. Жалағаш ауданында құны 700 мың теңгені

- Арал ауданында жалпы құны 400 млн. теңгелік 2 жобаның іске асырылуы басталды. Оның бірі «Берекет» ШҚ-ның «Ет және ет

құрайтын бір жоба іске асырылуда. Сырдария ауданында 9 жобаға 36,6 млн. теңге бөлінді, 19 жұмыс орны ашылды. Шиелі ауданында 4 жобаны іске асыруға 23,8 млн теңге бағытталды, 23 жұмыс орны ашылды. Жаңа-қорған ауданында құны 33,2 млн теңге құрайтын 6 жоба іске асырылуда, 17 жұмыс орны ашылды. Қызылорда қаласының ауылдық округтерінде 45,3 млн. теңге болатын 6 жоба іске асырылуда, 27 жұмыс орны ашылды.

Шамамен 50 млн теңгені құрайтын несие 8 шағын наубайхана мен кондитерлік цехтың ашылуына бағытталды. 41 млн. теңге 6 техникалық қызмет көрсету бекетін ашуға, 33 млн. астам теңге мал шаруашылық саласының 4 жобасына бөлінді.

2015 жылы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен 2016 жылдан бастап «Микро-бизнес-Қызылорда» пилоттық жобасын бірлесіп іске асыру жөнінде келісімге қол жеткізілді. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталық жобаның бірыңғай операторы болып белгіленді. 2016 жылы пилоттық жобаны іске асыруға 660 млн. теңге бөлу жоспарлануда, соның ішінде 300 млн. теңгені «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы бөліп отыр.

Экономикалық өсімнің басты қозғаушы күшінің бірі болып табылатын орта класты қалыптастыру – Қызылорда облысындағы кәсіпкерлік пен іскерлік бастамалардың қолдауы мен жүзеге асатын басым міндеттерінің бірі болып саналады.

Аймақтар арасындағы жұмыс қолы алмасуын арттыру шаралары шеңберінде 2014 жылдың 30 қазанында Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері «Халықты жұмыспен қамтудағы әріптестік туралы меморандумға» қол қойған. Меморандум негізінде Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласына 7 отбасы қоныс аударып, жұмыспен қамтылса, 2015 жылы тағы 2 отбасы жаңа жерге орнықты.

Жас мамандарды жұмыспен қамтуға бағытталған «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы тиімді жүзеге асуда. 2015 жылы аталған бағдарлама бойынша ауылдық елді мекендерге келген 448 жас маманға 189,3 млн. теңге көтерме ақы, 377 маманға 1 067,3 млн. теңгеге жеңілдетілген несие берілді.

Қызылорда облысындағы шағын кәсіпкерлік саласын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер осы саланың тұрақты және үдемелі дамуын көрсетеді. Кәсіпкерліктің ауқымы жылдан жылға өсіп, облыс экономикасының дамуындағы шешуші факторларының біріне айналып отыр. Осындай нәтижелі көрсеткіштерге қарамастан қазіргі таңда облыстағы шағын кәсіпкерліктің дамуына өз қаражаттарының болмауы және несие ресурстарына қол жеткізудегі қиыншылықтары кедергі болуда.

Біздің зерттеулеріміздің нәтижесі көрсеткендей, отбасылық бизнес халықтың өмір сүру

сапасын жақсартуда, ел экономикасын дамытуда, нарықты қалыптастыруда, ірі өндірушілер монополиясын шектеуде және бәсекелестікті дамытуда, тауар және қызмет сұраныстарын қанағаттандыруда, жұмыссыздық және халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде, өнім өндіру немесе қызмет көрсету саласында жаңа технологияларды енгізуде, жалпы тұрғындардың әлеуметтік жағдайларын көтеруде шешуші фактор ретінде маңызды рөл атқарады.

Кез келген отбасылық бизнес – бұл отбасы мен бизнестің симбиозы. Оның әрқайсысының өз мақсаты болады:

*отбасылық бизнестің басты артықшылығы – кез-келген қиыншылықтарға қарамастан бизнесті жүргізуге көмектесетін туыстық байланыстың беріктігі. Отбасы мүшелері бизнесті ағымдағы қажеттіліктері үшін өздерінің еңбекақылары мен дивиденттерін жиі құрбан етеді. Шетелдерде кейбір отбасылық кәсіпорындар бәсекелестерге қарағанда маркетингтік артықшылықтарға көбірек жету мақсатымен құрылады. Жұмысқа берілгендік, жоғары әдептілік нормалар, тұтынушылар үшін тікелей жауапкершілік – отбасылық бизнестің негізгі критериялары екендігі белгілі;

* отбасылық бизнестің тағы бір артықшылығы – ірі кәсіпорындарға қарағанда өз қызметкерлеріне жағдай жасаудың жоғары деңгейде болатындығы. Ірі корпорациялардың менеджерлері даму жоспарын алдағы бір-екі жылға жасаса, отбасылық бизнес бағдары ұзақ мерзімді болжайды. Отбасылық бизнес кәсіпорындары атадан балаға мұра болып ауысқан, жылдар бойы қалыптасқан халыққа қызмет көрсетудің жоғары үлгілерін сақтап қалады. Сондықтан да болар АҚШ кәсіпорындарының 80-90% отбасылық бизнес саласында қызмет жасайды [2].

Сонымен қатар, отбасылық бизнесті қалыптастыру мен дамыту барысында Сіз келесідей айрықша жайттарды бағалай аласыз:

* сіз өзіңізге жақын адамдармен жұмыс жасайсыз, олар сіздің бизнес-серіктесіңіз, сіз олардың қабілеті, білімі мен дағдысы жайлы жақсы білесіз;

* сіз бизнес-серіктесіңізге сенім артасыз, себебі олар сіздің жақындарыңыз;

* кәсіпкерлік қызмет барысында қолайсыз жағдай туындағанда, Сіз өз жақындарыңыздан қолдау таба аласыз;

*сіз олардың қаржылық көмегіне де жүгіне аласыз;

*сіз оларды ортақ іс үшін артық төлемсіз жұмыстан тыс уақытта да жұмыста болуын сұрай аласыз. Жанұя мүшелерінің мызғымас бірлігі мен татулығы, қандай да қиындықтарға қарамастан істі жүргізе білуі отбасылық бизнестің басты артықшылығы болып саналады.

Отбасы - ерекше әлеуметтік институт болып табылады. Сонымен қатар, ол мемлекет пен жеке адамдардың арасындағы делдал,

ұрпақтан ұрпаққа негізгі құндылықтарды жеткізетін тасымалдаушы. Отбасында қоғамның даму үдерісіне, еңбек күшінің ұдайы өндірісіне, азаматтық қатынастардың орнауына әсер ететін мықты әлеует қалыптасқан. Осыған орай, отбасылық бизнесті қалыптастыру мен дамыту келесідей қарапайым да күрделі мәселелердің шешімін табуға белгілі бір дәрежеде ықпал етеді:

- ✓ отбасы қажеттілігі мен мұқтаждығын қанағаттандыру;
- ✓ отбасы мүшелерін жұмыспен қамту;
- ✓ отбасының қаржылық тәуелсіздігіне жол ашу;
- ✓ отбасы мүшелерінің өзара сыйластығын, ауызбіршілігін, жауапкер-шілігін арттыру;
- ✓ отбасылық құндылықтарды, отбасылық мәдениетін, отбасы институтын дамыту;
- ✓ халықтың өмір сүру сапасын жақсарту;
- ✓ аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысу.


Жоғарыда айтып өткеніміздей, отбасылық бизнестің өзіндік күшті және әлсіз тұстары бар. Осал тұстарына тоқталып кететін болсақ, ең алдымен, шағын фирмада жұмыс істейтіндер өздерінің кәсіби маман ретінде өсуіне жағдай жасай алмайды. Мысалы, өз мамандығы бойынша мемлекеттік кәсіпорында ол лауазым жағынан үнемі өсіп отырса, шағын фирмада ондай мүмкіндік жоқ. Себебі мұнда штат шағын, қызмет санаулы және әркім өз орнында отыр. Өзінің ағасы, болмаса тәтесі атқарып отырған қызметке көз салғанмен, оны алу оңай емес. Сондықтан да отбасылық кәсіпкерліктен отбасының жас мүшелері сыртқары жүреді.

Сол сияқты кез келген фирма жұмысын алға бастыру үшін әртүрлі (заңгер, салық эксперттері, т.б.) мамандардан кеңес алып отыру қажеттілік. Ірі фирмалар бұл жағдайға белгілі мөлшерде қаржы жұмсап мамандар кеңесін пайдалана алса, кіші фирманың жағдайы оны көтере бермейді.

Сонымен отбасылық бизнестің аймақтағы даму деңгейіне сауалнама жүргізу арқылы төмендегідей қорытынды жасап отырмыз (1-сурет).

Қызылорда облысы бойынша барлығы сауалнамаға 400 адам қатысқан, олардың ішінде 15-29 жас аралығындағылар – 207; 33-35 жастағылар – 80; 35-45 жастағылар – 70 және 45-60 жас аралығындағылар саны – 43 адамды құрады. Облыс бойынша сауалнамаға қатысқандарды жынысына қарай саралайтын болсақ, олардың 251-і – әйелдер болса, 149-ы ерлер. Сауалнаманың «Отбасылық бизнес» ұғымын қалай түсінесіз деген сұрағына жауаптар төмендегідей болды:

- < үй шаруашылығын жүргізу – 66 адам;
- < отбасының мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған қызметтер мен өнім өндіру – 69;
- < өзін-өзі жұмыспен қамтып, отбасын асырау – 122;
- < шағын және орта бизнеспен айналысу – 111;
- < жеке кәсіпкер болу – 90;
- < шаруа қожалықтарын ашу – 47;
- < ұрпақтан ұрпаққа берілетін қызмет түрі -74;
- < отбасының барлық мүшелері бір іспен шұғылданады – 68;
- < жауап беруге қиналамын – 11.



1-сурет. Отбасылық бизнестің аймақтағы даму деңгейі

Қызылорда облысында отбасылық бизнестің тежеуші факторлары қандай деген сұраққа респонденттер жауабы төмендегідей болды (2-сурет).

Өңірде отбасылық бизнестің даму деңгейін облыс тұрғындары 5 түрлі жауап арқылы бағалайды: өте жоғары - 41 адам; жоғары – 82; орташа - 198; төмен - 60; өте төмен - 19.

Қызылорда облысының сауалнамаға қатысушы тұрғындары отбасылық бизнестің қандай түрімен айналысуға болады деп есептейсіз деген сұрақтың 10 жауабынан жиі таңдаған жауаптары - мал шаруашылығымен ай-

налысу - 131 адам, сүт өнімдерін өндіру - 63, бақша өнімдерін өсіру - 58, гүл өсіру - 22, кондитерлік цех ашу- 47, шаштараз ашу- 72, баспалық қызмет көрсету- 21, көтерме сауда- 86.

Жалпы, бизнестің қай түрі болмасын тынымсыз ізденісті, жан-жақты зерттеуді, көп еңбек етуді қажет етеді. Бұл саланың сансалалы сұрақтары қандай көп болса, оны шешудің жолдары да соншалықты көп. Бизнесті алға апаратын қатып қалған қарапайым формулаға емес, оның арғы жағында кәсіби шеберліктің, толағай шешімдердің, әдіс-тәсілдердің мыңдаған түрлері жатыр [3].



2-сурет. Қызылорда облысындағы отбасылық бизнестің даму түрлері

Отбасының, оның мүшелерінің барлық мүмкіндігін соңына дейін пайдалану үшін оның әрбір мүшесінің мінезіне, ішкі жандүниесіне терең үңіле білу қажет. Отбасылық кәсіпкерлік қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, қоғамды позитивті іскерлік ортаға бағыттайды. Ол сонымен бірге экономиканың тұрақты даму шарттарының бірі – қоғам мүшелерінің кәсіпкерлік қабілетін жүзеге асыруы, олардың интеллектуалды қабілетін дамытуы үшін қажетті құрал болып табылады.

Отбасылық кәсіпкерлік жүйесіндегі бір ғана кәсіпкер әдетте отбасының бес мүшесін жұмыспен қамти алады, басқаша айтқанда жаңағы бес адам әлеуметтік қамтамасыз етуге мұқтаж адамдардың қатарынан елдің өзін-өзі қамтамасыз ете алатын азаматтары қатарына өтеді. Сондықтан да отбасылық кәсіпкерлікке ерекше көңіл бөлу заман талабы деп қарастыру керек.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Бузляков Н.И. Методы планирования повышения уровня жизни. - М.: Экономика, 1969. – 208 б.
2. Русакова З. К. Семейный бизнес и развитие репродуктивной экономики / З.К. Русакова, И.В. Лаврентьева // Российское предпринимательство. – 2011. – №1. – Вып. 1 (175). – С. 10–15.
3. Семейный бизнес или что такое хорошо и что такое плохо [Электронный ресурс]. - 2015.- URL: <http://www.damu.kz/2645> (дата обращения: 5.09.15).

Pajdalanylran әdebietter tizimi

1. Buzljakov N.I. Metody planirovaniya povysheniya urovnja zhizni. - M.: Jekonomika, 1969. – 208 b.
2. Rusakova Z. K. Semejnyj biznes i razvitie reproduktivnoj jekonomiki / Z. K. Rusakova, I. V. Lavrent'eva // Rossijskoe predprinimatel'stvo. – 2011. – № 1. – Vyp. 1 (175). – S. 10–15.
3. Semejnyj biznes ili chto takoe horosho i chto takoe ploho [Jelektronnyj resurs]. -2015.- URL: <http://www.damu.kz/2645> (data obraschenija: 5.09.15).